

Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 120-II Заңы

Женевада 1930 жылғы 28 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 14-сессиясы қабылдаған Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенция (29-конвенция) бекітілсін.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Он төртінші сессия

Женева, 1930 жылғы 10-28 маусым

29-КОНВЕНЦИЯ

Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы Конвенция *

* Күшіне енгізілген күні: 1932 жылдың 1 мамыры

(2002 жылғы 18 мамырда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және 1930 жылдың 10 маусымында өзінің он төртінші сессиясына жиналған Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы сессияның күн тәртібінің бірінші тармағының бір бөлігі болып табылатын мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы бірқатар ұсыныстарды қабылдауға қаулы ет е

отырып,

бұл ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруге ұйғара отырып, осы бір мың тоғыз жүз отызыншы жылғы маусым айының жиырма сегізінші күні мәжбүрлі еңбек туралы 1930 жылғы Конвенция деп аталуы мүмкін және Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Ұйымының мүшелері бекітуге жататын төмендегі Конвенцияны қабылдайды:

1-бап

1. Осы Конвенцияны бекітетін Халықаралық Еңбек Ұйымының әрбір мүшесі мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті қолдануды оның барлық нысандарында мүмкіндігінше ең қысқа мерзімде жоюға міндеттенеді.

2. Осылайша толық жойылуына қарай мәжбүрлі немесе міндетті еңбек өтпелі кезеңде жалғыз-ақ қоғамдық мақсаттар үшін және төмендегі баптарда белгіленген жағдайлар мен кепілдіктерде айрықшалық ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

3. Осы Конвенция күшіне енгізілген күннен бастап бес жыл өткеннен кейін және төмендегі 31-бапта көзделген баяндамаға байланысты Халықаралық Еңбек Үйымының Әкімшілік Кеңесі мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті оның барлық нысанында жаңадан кейінге қалдырусыз жоюдың мүмкіндігі туралы мәселені қарап, бұл мәселені Конференцияның күн тәртібіне енгізуі ді шешеді.

2-бап

1. Осы Конвенцияның мақсаты үшін "мәжбүрлі немесе міндетті еңбек" термині өз қызметін ерікті түрде ұсынбаған кез келген адамнан қандай да бір жазалау қатерін төндіру арқылы түрліше жұмыс немесе қызмет-талап етуді білдіреді.

2. Алайда "мәжбүрлі немесе міндетті еңбек" терминіне осы Конвенцияның мақсаттары үшін мына жайлар қосылмайды:

а) міндетті әскери қызмет туралы зандарда талап етілетін және таза әскери сипаттағы жұмыстар үшін қолданылатын кез келген жұмыс немесе қызмет;

б) толық өзін өзі басқаратын елдің азаматтарының әдеттегі азаматтық міндеттерінің бір бөлігі болып табылатын кез келген жұмыс немесе қызмет;

с) сот органының шешімімен шығарылған үкімнің салдарынан қандай да болсын адамнан талап етілетін кез келген жұмыс немесе қызмет, бұл қызмет немесе жұмыс қадағалау және мемлекеттік өкімет орындарының бақылауы арқылы жүргізілетін және көрсетілген адам жеке адамдардың, компаниялардың немесе қоғамдардың қарауына ұсынылмайтын немесе берілмейтін болуы шарт;

д) төтенше жағдайлар кезінде, яғни соғыс немесе апат, немесе апат қаупі, айтальық, өрт, су тасқыны, аштық, жер сілкіну, күшті эпидемия немесе эпизоотия, зиянкес жануарлар мен жәндіктердің шабуылы немесе арамшөптер секілді бүкіл халықтың немесе бір бөлігінің өміріне немесе қалыпты тіршілік жағдайына қатер төндіретін немесе қатер төндіре алатын жағдайда талап етілетін кез келген жұмыс немесе қызмет;

е) қауымдық сипаттағы ұсақ-түйек жұмыстар, яғни сол ұжым мүшелерінің ұжымның тікелей пайдасы үшін атқаратын, халықтың өзі немесе оның тікелей өкілдері бұл жұмыстардың орындылығы жөнінде өздерінің пікірін айтуға құқылы болған жағдайда ұжым мүшелерінің әдеттегі азаматтық міндеттері болып саналуы мүмкін жұмыстары.

3-бап

Осы Конвенцияның мақсаты үшін "құзыретті өкімет" термині метрополия өкіметін не осы аумақтағы жоғары орталық өкіметті білдіреді.

4-бап

1. Құзыретті өкімет орындары жеке адамдардың, компаниялардың немесе қоғамдардың пайdasына мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке үйгарым беруге, рұқсат етүгे тиісті емес.

2. Егер жеке адамдардың, компаниялардың немесе қоғамдардың пайdasына осындай мәжбүрлі немесе міндettі еңбек нысаны осы Конвенцияны Ұйымның әлдебір Мүшесінің бекітуін Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Директоры тіrkеген сәтінде орын алған болса, осы Ұйымның Мүшесі мұндай мәжбүрлі немесе міндettі еңбекті осы Конвенция күшіне енгізілген сәттен бастап толық жояды.

5-бап

1. Жеке адамдарға, компанияларға немесе қоғамдарға берілген ешқандай концессияның осы жеке адамдар, компаниялар немесе қоғамдар пайдаланатын және олар сататын өнімдерді өндіру немесе жинау мақсатында мәжбүрлі немесе міндettі еңбектің қандай да бір нысанын қолдануға әкеп соғуы мүмкін емес.

2. Егер мәжбүрлі немесе міндettі еңбектің мұндай нысаны қолданыстағы концессиялардың ережелерінен туындайтын болса, осы Конвенцияның 1-бабындағы үйгарымдарды орындау мақсатында мүмкіндігінше қысқа мерзімде бұл ережелерден күші жойылады.

6-бап

Әкімшілік шенеуніктері өздеріне сеніп тапсырылған халықты әлде бір жұмыс түріне дағыландыру олардың міндettі болса да, халықты жеке адамдардың, компаниялардың немесе қоғамдардың пайdasы үшін жұмыс істеуге мәжбүр ете алмайды.

7-бап

1. Әкімшілік міндettterdі atқармайтын тайпа көсемдері мәжбүрлі немесе міндettі еңбекті қолдана алмайды.

2. Әкімшілік міндettter atқаратын тайпа көсемдері құзыретті өкіметтің арнаулы рұқсатымен осы Конвенцияның 10-бабында көзделген жағдайларда мәжбүрлі немесе міндettі еңбекті қолдана алады.

3. Тиісінше танылған және басқа нысандарда тиісті сыйақы алмайтын тайпа көсемдері тиісінше регламентtelgen жағдайда жеке қызметтерді пайдалана алады: бұл ретте қиянатшылықтың алдын алу үшін барлық қажетті шаралар қолданылады.

8-бап

1. Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті қолдану туралы кез келген шешім үшін осы аумақтағы жоғары азаматтық өкімет жаупаты болады.

2. Алайда бұл өкіметтер мәжбүрлі немесе міндетті еңбек түрінің еңбекшілерді олардың әдеттегі тұрғылықты жерінен алыстатуға әкеп соқпайтын жағдайларда ондай еңбекке тартуға жергілікті өкіметтерге құқық беруі мүмкін. Егер мұндай еңбек әкімшілік шенеуніктерін олардың өз міндеттерін атқару кезіндегі жүріп-тұруын жеңілдетуге және әкімшілік жүктерін тасымалдауға жәрдемдесетін болса, бұл өкімет орындары жергілікті жоғары өкімет орындарына осы Конвенцияның 23-бабында көзделген регламенттеу арқылы белгіленген кезең мен жағдайларға еңбекшілерді олардың әдеттегі тұрғылықты жерінен әкетілетін мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке тартуға да құқық береді алады.

9-бап

Осы Конвенцияның 10-бабы өзгеше көздейтін жағдайларды қоспағанда, мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке тартуға құқылы өкімет органы еңбектің мұндай түрін қолдануға рұқсат беруден бұрын алдын ала мыналарға:

а) орындалуға тиісті қызмет немесе жұмыс оны орындауға тиісті ұжым үшін тікелей және маңызды мұdde туғызатынына;

б) бұл қызмет немесе жұмыс қазіргі және таяу уақытта қажет болып табылатынына;

с) осы аумақта бұған ұқсас қызмет немесе жұмыс үшін төленетін мөлшерден кем емес жалақы мен еңбек жағдайы ұсынылғанына қарамастан, осы қызметті немесе жұмысты орындауға ерікті жұмыс күшін табу мүмкін болмағанына;

д) қолда бар жұмыс күші мен оның осы жұмысты орындауға қабілеттілігін ескере отырып, бұл жұмыстың немесе қызметтің салдарынан халыққа өте көп ауыртпалық түсірмейтініне көз жеткізуі тиіс.

10-бап

1. Салық ретінде талап етілетін мәжбүрлі немесе міндетті еңбек пен қоғамдық жұмыстарды орындату үшін әкімшілік міндеттер атқаратын тайпа көсемдері жиі қолданатын мәжбүрлі немесе міндетті еңбек біртіндеп жойылады.

2. Оның жойылуына дейін, мәжбүрлі немесе міндетті еңбек салық ретінде талап етілген жағдайларда және қоғамдық жұмыстарды орындату үшін әкімшілік міндеттер атқаратын тайпа көсемдері мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке нұсқау берген кезде мұдделі өкімет орындары алдын ала мыналарға:

а) орындалуға тиісті қызмет немесе жұмыстың оны орындауға тиісті ұжым үшін Тікелей және маңызды мұdde болуына;

б) бұл қызмет немесе жұмыс қазіргі және таяу уақытта қажет болып табылатынына;

с) қолда бар жұмыс күші мен оның осы жұмысты орындауға қабілеттілігін ескергенде, бұл қызметтің немесе жұмыстың салдарынан халыққа онша көп ауырталық түспейтініне;

д) осы қызметтің немесе жұмысты орындау еңбекшілерді әдеттегі тұрғылықты жерінен кетуге мәжбүр етпейтініне;

е) осы қызметтің немесе жұмыстың орындалуына басшылық дін, қоғамдық өмір және ауыл шаруашылық талаптарына сәйкес жүргізілетініне көз жеткізуі тиіс.

11-бап

1. Еңбекке қабілетті жасы шамамен он сегізден төмен емес және қырық бестен жоғары емес еркек адамдарға мәжбүрлі немесе міндепті еңбекке тартылуы мүмкін. Осы Конвенцияның 10-бабында көзделген жұмыс санаттарынан басқа, мынадай шектелер мен шарттар:

а) мүмкін болған жағдайлардың бәрінде осы адамдар қандай да бір жұқпалы аурумен ауырмайтыны, нұсқау берілген жұмысты атқаруға және бұл жұмыс жүргізілетін жағдайларға дene күші жағынан жарамдылығы туралы әкімшілік тағайындаған дәрігердің алдын ала берген куәлігі болуы;

б) мектеп мұғалімдері мен оқушыларының, сондай-ақ барлық әкімшілік қызметкерлерінің босатылуы;

с) әр ұжымда отбасылық және қоғамдық өмір үшін қажетті ересек және еңбекке жарамды еркектердің қалдырылуы;

д) отбасы және жұбайлар қарым-қатынасының құрметтелуі сақталады.

2. 1-тармақтың с) тармақшасында көрсетілген мақсатта осы Конвенцияның 23-бабында көзделген регламенттеу еңбекке үнемі жарамды еркектер қатарындағы адамдар арасынан бір мезгілде мәжбүрлі немесе міндепті еңбекке тартылуы мүмкін үлесін анықтайды, алайда бұл үлес осында халықтың 25 пайызынан аспауы тиіс. Бұл үлесті белгілей отырып, құзыретті өкімет орындары халықтың тығыздығын, осы халықтың қоғамдық және табиғи дамуын, жыл мезгілін және бұл адамдардың тұрғылықты жері бойынша және өздерінің жеке құралдарымен орындалуға тиісті жұмыстың сипатын ескереді, жалпы алғанда осы ұжымның қалыпты өмірінің экономикалық және қоғамдық қажеттерін құрметтейді.

12-бап

1. Қандай адамды болмасын мәжбүрлі немесе міндепті еңбекке тартуға болатын ең ұзақ мерзім жылына алпыс күннен аспауға тиіс, бұл ретте жұмыс орнына барып

қайтуға қажетті уақыт осы алпыс күнге енгізіледі.

2. Мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартылған әрбір еңбекшіге оның осындай жұмыста істеген уақыты көрсетілген күнде беріледі.

13-бап

1. Мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартылған әрбір адамның жұмыс уақытының ұзақтығы ерікті жалдама жұмыс жағдайында қолданылатын жұмыс уақытының ұзақтығындай болуы тиіс, ал әдеттегі нормадан тыс уақытта атқарылған жұмыс уақытына ақы еркін жалдама еңбек жағдайындағы жұмыстан тыс уақытта қолданылатын ставкалармен төленеді.

2. Мәжбүрлі немесе міндettі еңбектің қандай да бір түріне тартылған азаматтардың бәріне аптасына бір күн демалыс беріледі және бұл күн мүмкіндігінше осы елдің немесе ауданның салт-дәстүрінде белгіленген демалыс күніне сәйкес келуі тиіс.

14-бап

1. Осы Конвенцияның 10-бабында аталған жұмыстарды қоспағанда, мәжбүрлі немесе міндettі еңбектің барлық нысандарына ақы нақты ақшамен төленеді, оның ставкалары жөнінде еңбектің осы түрі не айтылған жұмыс атқарылатын ауданда не еңбекшілерді жалдаған ауданда қолданылатын ставкалардан төмен болмауы керек, оның үстіне жоғары ставкамен төленеді.

2. Жұмысқа әкімшілік міндettter атқарушы тайпа көсемінің нұсқауы бойынша тартылған реттерде жалақыны осының алдындағы тармақта көрсетілген жағдайларда төлеу тәртібі мүмкіндігінше қысқа мерзімге енгізіледі.

3. Жалақы тайпа басшысына немесе басқа бір өкімет орнына емес, әрбір еңбекшіге жеке - жеке төленеді.

4. Жұмыс орнына барып-қайту күндері жалақы төлеу мақсатында жұмыс істеген күн деп қаралады.

5. Осы бап еңбекшілерге жалақының бір бөлігі ретінде әдеттегі азық-түлік үлестерінің, бұл үлестер ең болмағанда алмастырылатын ақша сомасына тең болған жағдайда берілуіне тыйым салуды көздемейді, бірақ жалақыдан салық ретінде де, еңбекшілерге оларды ерекше еңбек жағдайындағы жұмысты жалғастыру үшін жұмысқа жарамдылығы ахуалында ұстасу үшін ерекше тамақтандырылғаны да, киімі немесе түрғын жайы үшін де, оларға берілген жұмыс құралдары үшін де ешқандай ақша ұсталмайды.

15-бап

1. Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулар үшін өтемақыға қатысты кез келген зандастырулар және қайтыс болған немесе еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан еңбекшілердің асырауындағы адамдарға жәрдемақы төлеуді көздейтін, белгілі бір аумақтағы қолданылып жүрген немесе қолданысқа енгізілетін кез келген зандастырулар мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартылған адамдарға еркін жалдау бойынша жұмыс істеушілермен бірдей негізде қолданылады.

2. Еңбекшілерді мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартатын әрбір өкіметке, егер еңбекші өндірістегі жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың салдарынан толық немесе жарым-жартылай өмір сүруге қаражат табу қабіletінен айрылған болса, оның күн көруін қамтамасыз ету міндettі жүктеледі. Сондай-ақ еңбекші қайтыс болған немесе еңбекке қабіletін жоғалтқан, бұл оның жұмысы салдарынан болған жағдайда оның шын мәнінде асырауында болған кез келген адамды асырауды қамтамасыз ету үшін шаралар қолдану міндettі де осы өкімет орнына жүктеледі.

16-бап

1. Мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартылған адамдар, айрықша қажет болатын жағдайларды қоспағанда, өздерінің үйреншікті жағдайларынан тамақтану және климат жағдайлары денсаулығына қауіп төндіретін өзгеше аудандарға ауыстырылмайды.

2. Егер еңбекшілерді орналастыру үшін және олардың денсаулығын сақтау үшін қажетті гигиена және тұрмыстық жағдайларға қатысты барлық шаралар қатаң жүргізілмесе, еңбекшілерді мұндай ауыстыруға ешбір жағдайда рұқсат етуге болмайды.

3. Егер мұндай ауыстыру міндettі болса, құзыретті медициналық мекемемен консультациядан кейін еңбекшілердің жаңа тамақтану және климат жағдайларына біртіндеп дағылануын қамтамасыз ететін шаралар қолданылады.

4. Егер еңбекшілер өздеріне үйреншікті емес жұмыстарды ұдайы атқаруға тартылатын болса, олардың осы жұмыс түріне дағылануын қамтамасыз ету, атап айтқанда біртіндеп үйрету, жұмыс сағаттарын, демалыс үзілістерін және қажетінше тамақтандыруды жақсарту немесе оның рационын көбейту үшін шаралар қолданылады.

17-бап

Еңбекшілер сайып келгенде ұзак уақыт бойы жұмыс орнында қалуға тура келетін құрылыш немесе жөндеу жұмыстарын атқару үшін мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартуға рұқсат бермей тұрып, құзыретті өкімет орындары мыналарға:

1) еңбекшілерге тиісті гигиеналық жағдайлар мен қажетті медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шаралар қолданылғанына, атап айтқанда: а) бұл еңбекшілер жұмыс басталғанға дейін және олар осы жұмыста болған кезең ішінде белгілі бір уақыт аралығында медициналық тексеруден өткізілетініне, б) жеткілікті

медициналық қызметкерлермен, сондай-ақ кез келген мұқтаждық үшін қажетті диспансерлермен, емдеу орындарымен, госпитальдармен қамтамасыз ету және барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету қарастырылғанына, с) жұмыс орындарында жақсы гигиеналық жағдайлар, еңбеккерлерді ауыз сумен, тамақ өнімдерімен және отынмен, сондай-ақ ас үй жарақтарымен жабдықтау қанағаттанарлық түрде қамтамасыз етілген және қажет болған жағдайда қанағаттанарлық киім мен түрғын жаймен қамту қарастырылғанына;

2) еңбекшінің отбасының өмір сүруін қамтамасыз ету үшін, атап айтқанда еңбекшіні жалақысының бір бөлігін оның келісімі немесе өтініші бойынша отбасына сенімді әдіспен жіберу үшін тиісті шаралардың қолданылғанына;

3) жұмыс орнына жету және кейін қайту әкімшілік жауапкершілігімен және оның есебінен қамтамасыз етілетініне және әкімшілік қол жеткен көлік түрлерінің бәрін негұрлым кеңінен пайдалана отырып бұл жүрістерді жеңілдететініне;

4) ауыру немесе жазатайым оқиға жағдайының салдарынан еңбекші жұмыс қабілетін уақытша жоғалтқан жағдайда оны әдеттегі түрғылықты жеріне қайтару әкімшілік есебінен жасалатынына;

5) мәжбүрлі немесе міндettі еңбек мерзімі өткен соң кез келген еңбекші екі жылдық кезең ішінде өзінің әдеттегі түрғылықты жеріне тегін оралу құқығын жоғалтпай сол жерде ерікті жалдану бойынша жұмыста қалуға тілек білдіретініне көз жеткізіп алуы керек.

18-бап

1. Жүк тасушы мен ескекшілер сияқты адамдардың еңбегі немесе жүк тасымалдау мақсатындағы мәжбүрлі немесе міндettі еңбек мүмкіндігінше қысқа мерзімде жойылады. Бұл арғы жоюға дейін құзыретті өкімет орындары мыналарды анықтайтын регламенттеуді шығаруға міндettі, атап айтқанда олар: а) еңбектің бұл түрін тек қана әкімшілік шенеуніктерін олардың қызмет міндettтерін атқару кезіндегі жүріп-тұруын жеңілдету үшін немесе әкімшілік жүктөрін тасымалдау үшін, немесе шенеунік емес басқа да адамдарды жедел тасымалдау аса қажет болған жағдайда ғана пайдалануға міндettену; б) мұндай тасымалдарға, медициналық қуәландыру мүмкін болған жағдайда, медициналық алдын ала қуәландыру арқылы осындай жұмысты атқаруга қабілетті деп танылған, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда мұндай жұмыс қүшін пайдаланатын адам тасымалдаумен айналысатын адамның қажетті күш-қуат қабілеті болуын және жүқпалы аурулармен ауырмайтынын өз жауапкершілігіне алып көз жеткізуге міндettі; с) еңбекшілер алып жүргүре тиісті жүктің ең жоғары салмағы; д) еңбекшілердің өзінің әдеттегі түрғылықты жерінен кетуінің ең көп қашықтығы; е) бір айдын немесе кез келген басқа кезендегі еңбекшілер жұмысқа тартылатын күндерінің ең көп саны, бұған түрғылықты жеріне қайтуға қажет күндері де кіреді; ф) мәжбүрлі

нemесе міндettі eңbектің осы түріне тарту құқығы бар адамдар, сондай-aқ бұл
құқықтың қолданылу шегі.

2. Осы тармақтың с, d және e тармақшаларында сөз болған мөлшерлердің жоғарғы шегін анықтау кезінде құзыретті өкімет органдары мәселеге қатысты түрлі факторларды, атап айтқанда, жұмыс күшін беретін халықтың нақты қабілетін, еңбекшілер жүріп өтуге тиіс жол бағытының сипатын, сондай-aқ климат жағдайларын ескереді.

3. Бұдан басқа құзыретті өкімет орындары жүк тасушылардың күнделікті қалыпты бағытының орташа алыстығы сегіз сағаттық күнге сәйкес қашықтықтан аспауы үшін шаралар қолданады, оның үстіне бұл қашықтықты анықтау кезінде жүктің салмағы мен жол қашықтығы ғана емес, сонымен бірге жолдың жағдайын, жыл мезгілін және осыған қатысты басқа да факторларды ескереді; жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеу қажет болған жағдайда мұндай жұмыс әдеттегі ставқадан жоғары ставка бойынша төленеді.

19-бап

1. Құзыретті өкімет органдары мәжбүрлі жер өндеуге тек қана аштықтың алдын алу немесе тамақ өнімдерінің жетіспеушілігі және әрдайым осының нәтижесінде алынған ауыл шаруашылық өнімдері немесе азық-түлік оларды өндірген адамдардың немесе ұжымның меншігі болып қалатын жағдайда ғана рұқсат береді.

2. Егер өндіріс заңға және ұжымдық негіздегі дәстүрлерге сәйкес үйымдастырылса және өнімдер мен сол өнімдерді сатудан түскен пайда ұжым меншігінде қалатын болса, бұл баптың салдарынан ұжым мүшелерінің заңмен немесе ұжым дәстүрімен белгіленген жұмысты орындау міндettінен босатуына әкеп соқпайды.

20-бап

Ұжым мүшелерінің біреуі жасаған қылмыс үшін тұтас ұжымға қолданылатын ұжымдық жазалау көзделетін заңдар жазалау шарасы ретінде ұжымдық мәжбүрлі немесе міндettі eңbекті көзdemеуі керек.

21-бап

Мәжбүрлі немесе міндettі eңbек шахталардағы жерасты жұмыстарын орындауға қолданылмайды.

22-бап

Осы Конвенцияны бекітетін Ұйымның Мүшелері Халықаралық Еңbек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес Халықаралық Еңbек Бюросына ұсынуға міндettенетін

осы Конвенция ережелерін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы жыл сайынғы баяндамаларда әрбір тиісті аумақта қатысты осы аумақта мәжбүрлі немесе міндettі еңбектің қолданылу көлемі туралы мүмкіндігінше неғұрлым толық ақпарат, сондай-ақ мына мәселелер туралы: бұл еңбектің қолданылу мақсаты; ауыру және өлім-жітім туралы, жұмыс күнінің ұзақтығы; жалақы ставкалары және төлеу тәртібі туралы деректер; сондай-ақ осыған қатысты басқа да мәліметтер болуы тиіс.

23-бап

1. Осы Конвенция ережелерін жүзеге асыру мақсатында құзыретті өкімет орындары мәжбүрлі немесе міндettі еңбекті қолданудың толық және нақты регламентациясын б а с ы п ш ы ғ а р а д ы .

2. Бұл регламентацияда, атап айтқанда, мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартылған әрбір адамға оған жасалған еңбек жағдайлары жөнінде өкімет орындарына кез келген шағым жасауға және бұл шағымдардың қаралуы мен назарға алынуына кепілдік беретін ережелер болады.

24-бап

Барлық жағдайларда мәжбүрлі немесе міндettі еңбекті қолданудың ережелерін қатаң жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін не еркін жалдау жөніндегі еңбекке бақылау жасауды жүзеге асырушы кез келген қазіргі инспекция органдының қызметін мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тарату жолымен, не басқа да кез келген тиісті жүйе арқылы тиісті шаралар қолданылады. Бұл ережелердің мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке тартылған адамдардың назарына жеткізу үшін де шаралар қолданылады.

25-бап

Мәжбүрлі немесе міндettі еңбекке заңсыз тарту қылмыс тәртібімен жазаланады және Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші әрбір Мүшесі заңда ұйғарылған санкциялардың шын мәнінде тиімді және қатаң сақталуын қамтамасыз етуге міндettі.

26-бап

1. Халықаралық Еңбек Ұйымының әрбір Осы Конвенцияны бекітуші Мүшесі оны өзінің егемендігіндегі, заңдық хұқыміндегі, протекторатындағы, сюзеренитетіндегі, қамқоршылығындағы немесе басқаруындағы аумақта ішкі заңдық хұқімі мәселелерінде өзіне міндettеме алу құқығы шеңберінде қолдануға міндettенеді. Алайда, егер Ұйымның осы Мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 35-бабының ережелерін пайдаланғысы келетін болса, ол өзінің бекіту туралы құжаттарына өтінішімен қоса :

- 1) осы Конвенция ережелерін өзі өзгеріссіз қолданғысы келетін аумақтарды;
- 2) осы Конвенция ережелерін өзі өзгерістермен қолданғысы келетін аумақтарды және осы өзгерістердің егжей-тегжейін;
- 3) өзінің шешімін резервтеу аймақтарын көрсетуге тиіс.

2. Көрсетілген өтініш бекіту туралы құжаттың ажырамас бөлігі болып саналады және онымен бірдей салдарға апарып соқтырады. Ұйымның кез келген Мүшесі келесі өтініші арқылы осы баптың 1-тармағындағы 2 және 3-тармақшалардың күшіне орай, өзінің алдындағы міндеттемесінен тұтастай немесе ішінара бас тарта алады.

27-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Бюросының бас Директорына жіберіледі.

28-бап

1. Осы Конвенция Халықаралық Еңбек Ұйымының бекіту туралы құжаттары Халықаралық Еңбек Бюросында тіркелген мүшелерін ғана байланыстырады.
2. Ол Ұйымның екі мүшесінің бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркеген соң он екі айдан кейін күшіне енеді.
3. Кейіннен бұл Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты бекіту туралы құжаты тіркелген күннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

29-бап

Халықаралық Еңбек Ұйымының екі Мүшесінің бекіту туралы құжаттары тіркелісімен Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры бұл туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне хабарлайды. Ол, сондай-ақ өзіне кейіннен Ұйымның басқа Мүшелерінен келген бекіту туралы барлық құжаттардың тіркелгендігі туралы да хабарлайды.

30-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен кез келген Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілген кезінен бастап он жыл мерзім өткен соң оны Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акт арқылы оның күшін жоя алады. Күшін жою туралы акт Халықаралық Еңбек Бюросында тіркелген соң бір жылдан кейін күшіне енгізіледі.
2. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен әрбір Мүшесі осы бапта көзделген өзінің күшін жою құқығын осының алдындағы тармақта айтылған он жылдық кезең өткен соң

бір жыл мерзімде пайдаланбаса, ол келесі бес жыл кезеңге созылады және кейіннен осы Конвенцияның күшін әрбір бес жылдық кезең өткен сайын осы бапта белгіленген тәртіппен жоя алады.

31-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп тапқан әрбір ретте ол Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндама ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді.

32-бап

1. Егер Бас Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдайтын болса, Ұйым Мүшелерінің жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітуі, жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген жағдайда, осы Конвенцияның мерзіміне қатысты және 30-баптағы ережелерге тәуелсіз қандай да бір шарттарсыз осы Конвенцияның өзінен өзі күшін жоюына апарып соғады.

2. Жаңа, қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция оны Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

3. Осы Конвенция оны бекіткен, бірақ жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітпеген Ұйым Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан түрлі жағдайда өз күшінде қала береді.

33-бап

Осы Конвенцияның француз және ағылшынша тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей.